

Қошқарбаев Ерболат  
Құндылықтар тақырыбын түсінуге  
арналған материалдар  
Аксиология

# 9 Дәріс бойынша


- Құндылықтар философиясы
- Құндылықтар мәні, жіктемесі
  
- Аға оқытушы Қошқарбаев Е.Е.

# Негіздеме

- Құндылықтар тақырыбы этикамен қосарланып берілгендіктен дәрісте басты назар этика мен моральға аударылып уақыт жетпей қалу т.б. себепті құндылықтарға назар жетпей жатаныны жасырын емес. Мұнда берілген материалдар құндылықтарды түсінуге септігін тигізеді

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

АКСИОЛОГИЯ



# Құндылықтар

- Қазіргі философиялық әдебиетте құндылық түсінігі әр түрлі мағыналарда қолданылады. Оларға сәйкес
- **құндылықтар:**
- мәдениеттің құрамдас бөлігі;
- ұстанған өмірлік бағдар;
- адам әрекетін белгілейтін бағдарлар;
- идеялар жиынтығы;
- адам үшін қастерлі, қасиетті нәрсе.
- Адам баласы құндылықсыз толыққанды өмір сүре алмайды. Өмірде адам заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды өз мүдделерімен байланыстыра отырып саралайды, бағалайды. Сондықтан, құндылықтар жалпы берілгенімен жеке субъектілермен әрқалай қабылданады, әртекті қалыптасады.

# Құндылықтар

- Құндылықтарды философияның **аксиология** деген бөлімі зерттейді.
- **Аксиология** (грек. axios - құндылық, logos - ілім) - адам өмірінің құндылықтары туралы ілім, адам әрекетінің бағытын, адам әрекетінің мотивін анықтайтын жалпыға бірдей жарамды принциптер туралы философиялық теория. «Аксиология» терминін **1902 жылы** француз философы **Поль Лапи** ұсынған. **Аксиология** мен формасы жөнінен ұқсас және одан бұрын пайда болған бағыт бар, ол – **тимология**. Бірақ тимология негізінде құндылық емес құн, бағалау емес бағаның өзі, қастерлілік емес – талғам жатыр.

# Құндылық мәні

- Құндылық адамзаттық өлшемге ие субъективті образ және қабылдау ретінде түсіндіріледі.
- Құндылық мәдени-тарихи стандарттарға сәйкес келеді. Адамдар әрқашан өздерінің әрекеттерін үлгі, эталон ретінде қабылданған мақсатпен, идеалмен, нормалармен өлшейді.
- Құндылық «лайықты» іс-әрекет түрімен, нақты өмірлік стильмен байланыстырылады.
- Құндылық қандай да бір қызығушылық, тілек, ұмтылыс немесе басқаша айтқанда, адам немесе адамдар тобы үшін маңызды объект болып табылады.

# Құндылық мәні

- **Құндылық** «қайырымдылық» пен «зұлымдық», «сұлулық» және «ұсқынсыздық», «жақсы» және «жаман» түсініктерімен шарттастықта.
- **Құндылықтар** арқасында, тұлға өзінің қажеттіліктеріне еркін *сүйеніп*, олардың қоғамдық мәнін дамыта алады.



# Құндылық туралы ойлар

- М.С.Каган құндылықты субъектінің объектіге рухани сипаттағы қатынасы деп анықтайды.
- С.Ф.Анисимовтың пайымдауынша, құндылық субъекті үшін қандай да бір мән болып табылады. Өйткені, бұл пәндік сипаттағы мән оның белгілі бір қажеттілігін қанағаттандырады.
- И.Т.Фролов пен Б.Г.Юдин құндылықты: «Субъекті мен объекті арасындағы қарым-қатынастардың ерекше көрініс табуы, - дейді. Ондағы объект қасиеттері субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес бағаланады», деп сипаттайды.
- В.П.Тугаринов құндылықты, оның ішінде қоғамдық құндылықтарды – қолдағы, потенциалдағы әлі де іске асырылмаған бар болғаны тілектегі нәрсе», – деп пайымдайды.

# Құндылық туралы ойлар

- И.С.Нарский құндылыққа тек жоғарғы қоғамдық идеалдарды жатқызады. Оның көзқарасынша, құндылық құрал емес, мақсат болып табылады.
- Ибн Сина құндылық сезімінің қалыптасуында ақылдың физиологиялық мұқтаждықта және сезімдерде маңызды рөлге ие болатынын айтады.
- **Идеал** деңгейінде рухани құндылықтар қарастырылады: бұлар сенім, махаббат және әдемілік сияқты жоғарғы құндылықтар мен өнегеліктер түрін қалыптастырады. **Идеал** құндылықтары адамзат байланысы мен ара қатынасының барлық деңгейінде көрінеді. Әлеуметтік, моральдық экономикалық құндылықтар құқық, саясат, экономика және мәдениеттің сәйкестік деңгейінде қалыптасқан әрекеттесулер деңгейінде шектеледі.

# Құндылық туралы ойлар

- Г.П. Выжлецов ұсынған құндылық құрылымында үш өзара әрекеттескен элементтер бар:
  - маңыздылық
  - норма
  - идеал.
- Осы құрылымға сәйкес, қандай да болсын құндылықтар маңыздылықпен, пайдалылықпен байланысты.
- Г.П.Выжлецов: құндылық дегеніміз – қайталамалы шарт және адамның мәңгілікпен кездесер орны.
- Шелер: құндылықтарды «жағымды, жағымсыз» деп бөліп олардың өзінен: сезімдік, өмірлік, рухани, моральдық, құқықтық және т.б.түрлерін көрсетеді.

# Құндылықтар жіктелісі:

Құндылықтарды әрекетіне қарай төмендегідей жіктеуге болады:

- Ішкі құндылықтар;
- Сыртқы құндылықтар

Құндылықтарды адамдарға таралымы тұрғысынан да екі топқа бөліп жіктеуге болады:

- 1) әлемдік;
- 2) жергілікті.

# Құндылықтар жіктелісі:

- Құндылықтарды мынадай принциптер бойынша бөлу кең тараған:
- **1. Иерархиялық, доминанттық құндылықтар:** Құдай, Билік, Байлық, Адам, Прогресс, Демократия және т.б.
- **2. Салалық, қызметтік құндылықтар:** біліктілік, шеберлік, тәжірибе, ұтымдылық, музыка, дұға, ойын, көңіл көтеру т.б.
- **3. Құндылықтарды әртүрлі әлеуметтік жік арқылы бөлу**ге келсек, онда егер саяси элита үшін басты құндылық **билік** боп табылса, ал діни элита үшін – **моральдық** құндылықтар, ал интеллектуалдық элита үшін – **білім** басты құндылық болып табылады. Дұрыс құрылған қоғам бұл барлық құндылықтарды іске асыруды реттеу компоненттеріне зәру, яғни қай құндылық маңызды екенін қарастыру жөніндегі қайшылықты шешуге бағытталған.

# Құндылықтар жіктелісі:

- 1. **Материалдық құндылықтар тобы** – материалдық өнеркәсіп пен оған байланысты адам әс-әрекеттері.
- 2. **Әлеуметтік-саяси құндылықтар тобы** – билік үшін таласта өзіндік қоғам өміріндегі форманы қайта бейімдеу немесе қорғау.
- 3. **Рухани құндылықтар тобы** – бұл іс-әрекеттің табиғаты мен **дене күші**мен емес, адамдарға берілетін **энергетикалық, рухани күш**пен сипатталады. Бұл құндылықтар адамдардың тұрмысымен байланысуы арқылы әлеуметтік құндылықтар тобына жақындайды.

# Факторлар

• Адам баласында **құндылықтың** қалыптасуында ықпал етуші төрт фактор бар:

- 1) **адамның** физиологиялық құрылысы;
- 2) **адамның** сезімталдық құрылысы;
- 3) **адамның** қоғамдық ортасы;
- 4) **адамның** ақыл-ойға негізделген құрылысы.

# Құндылық – рухани күш

- **Құндылық** – адамзат пайда болғаннан бері ұрпақты ізгі ниетте **тәрбиелеуде** насихатталатын **әдептік категориялар** болып табылады.
- С.Е. Нұрмұратов **құндылықтарды** рухани **өндіріс** өнімінің **нәтижесі**, **қоғамдық сананың элементі** ретінде қарастырады.
- Сонымен қатар, **құндылықтарды** адам өмірінің **мәнділігін, бағыт-бағдарын** **анықтаушы рухани күш** деп атайды және **әлеуметтік практикадағы** субъектаралық, адамаралық қатынастарды **реттеуші рухани мәнділік** деп тұжырымдаған.



# Құндылық қатынас ретінде

- Егер **идея** – бұл болмыстың жеке және **қоғамдық өмірдің** **жекелеген тұстарына** жетуге деген **ұмтылыс** болса, онда **құндылық** – бұл тек **білім** мен **ақпарат** негізінде емес, сонымен қатар, адамның өмірлік **тәжірибесінен** туындайтын тұлғаның **әлемге деген қатынасының** көрінісі.
- Адам **биологиялық қажеттіліктерін** ішкі сезімдері мен қоздырғыштары арқылы сезінеді. Мұндай негізгі қажеттіліктерде заттық (материалдық) ауруларды түйсінуде физиологиялық құрылыспен байланысты жүйке жүйелерінің рөлі ерекше. Сондықтан, әлеумет пен қоғам толқынында шайылып кетпей **физиологиялық құндылықтарды** да жоққа шығаруға болмайды.

# Құндылық вариациясы

- **Негізгі құндылықтар** – басқа құндылықтардың дамуының ең негізгі қабатын қалыптастыратын құндылықтар. Айталық, адамның биологиялық мұқтаждығы негізінде пайда болған құндылықтар басқа құндылықтардың жүзеге асырылуында негізгі бөліктерді құрайды. Ал жоғарыда аты аталған құндылықтар, басқа құндылықтардың дұрыс орындалуы үшін қажет.
- **Мақсат құндылықтар** – бір мақсатқа бағытталған бірнеше құндылық.
- Негізгі құндылықтар мен мақсат құндылықтар арасындағы қарым-қатынаста **құрал құндылықтар** мен **бөлшек құндылықтар** да көруге болады.


# Мильтон Рокичтің құндылықтар жіктемесі

Мақсаттық құндылықтар	
Жайлы өмір	Ішкі үйлесім
Қызықты ғұмыр	Шынайы махаббат
Табысқа ұмтылу сезімі	Ертеңге сенімділік
Бейбіт өмір	Рақат
Әсемдікке ұмтылыс	Жанның құтқарылуы
Теңдік	Өз-өзіне құрмет
Отбасы қауіпсіздігі	Қоғамда мойындалу
Еркіндік	Шынайы достық
Б а қ ы т	

# Мильтон Рокичтің құндылықтар жіктемесі

Құрал құндылықтар	
Өршілдік	Дүниетаным кеңдігі
Кеңінен ойлау	Тәуелсіздік
Қабілеттілік	Интеллект
Позитивтілік	Қисынды ойлау
Кіршіксіздік	Сүйіспеншілік
Батылдық	Тіл алғыштық
Жанашырлық	Кішіпейілділік
Пайдалылық	Жауапкершілік
Шыншылдық	Өз-өзін бақылау

# Ш.Шварцтың құндылықтар жүйесі:

- Шварц құндылықтарды онға бөліп қарастырады да, әр адамда құндылықтардың әртүрлі көрінуі мүмкін екенін, кей адамда бір құндылықтың басым болуын, ал кей адамдарда бірнеше құндылықтың қатар көрінуін тілге тиек етеді.
- Ғалым **жалпыадамдық құндылықтар**дың мынадай түрлерін атап өтеді: 

## Ш.Шварцтың құндылықтар жүйесі:

- күш (power)
- жетістік (achievement)
- гедонизм (hedonism)
- ынта-ықылас (stimulation)
- өзін-өзі бағыттау (self-direction)
- әмбебаптық (universalism)
- мейірбандық (benevolence)
- дәстүр (tradition)
- сәйкестік (conformity)
- қауіпсіздік (security)

# Маслоу пирамидасы:

- 



# Т.И.Петракова ұсынған құндылықтар:

- Табиғи берілетін құндылықтар:

ой, ес, сезім т.б.

- Жүре пайда болатын құндылықтар:

адалдық, батырлық, тұрақтылық, мақсаттылық т.б.

- Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар:

уақыттан тыс, кеңістіктен тыс құндылықтар: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыстық, қиянатсыздық, ішкі тыныштық



# Рухани байлық-

Ұлттық құндылықтар

Мәдени  
мұра

Ата-баба  
дәстүрі

Тіл мен діл

Ел мен  
жер

Қасиет пен  
құрмет

# ИГІЛІК КӨЗІ

*Адам өмірінің қажеттілігін  
өтейтін құндылық*

